

## **Саналы ұрпақ – жарқын болашақ «Адалдық сағаты»**

**Мақсаты:** Адамдарға жақсылық ойлау, ондағы адалдық, әділдік, шыншылдық сияқты адами құндылықтардың алтын орны, олардың адамдар үшін маңызы жайлы, адалдық пен шыншылдыққа, әділдікке бағдарлай отырып, әдептілік ережелерін қадағалауды үйрету;

**Күтілетін нәтиже:** Студент ізденіске ұмтылады, оқығанын талдап, мәнін аша біледі, ой қорытады, аз сөзбен түйіндеуге дағдыланады. Адами қасиеттерді, адалдық, шыншылдық, әділдікті бойына сіңіреді. Әлеуметтік жағынан дамыған, ұшқыр, ұтымды ойлап, белсенді қимылдайтын, өзгенің пікірін сыйлап, төзімділікпен тыңдай білетін саналы азамат болып қалыптасуға дағдыланады.

2019 жылғы 2 қыркүйекте еліміздің барлық оқу орындарында «Адалдық сағаты» жалпыреспубликалық акциясы өтті. Оған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің басшылығы мен қызметкерлері, «Адалдық алаңы» жобалық кеңселерінің қызметкерлері, облыстардың, қалалар мен аудандар әкімдері, Агенттіктің аумақтық департаменттерінің басшылары, жергілікті атқарушы органдардың басшылары, белгілі қоғам қайраткерлері мен «Нұр Отан» партиясының, Арнайы мониторинг тобының өкілдері қатысты.

Акция аясында мектеп оқушыларымен және студенттермен «Адалдық. Бұл не?» тақырыбында кездесулер ұйымдастырылды. Аталған кездесулерде спикерлер өздерінің жеке өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, тыңдаушыларға өскелең ұрпақ арасында адалдық мәдениетін қалыптастыру принциптері, шынайы және адал еңбектің маңыздылығы және өркендеген қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтары туралы айтып берді.

Қазіргі уақытта қоғам маңызды жаһандық сынақтармен бетпе-бет келіп отыр. Экономикалық, технологиялық және ғылыми прогресс өркениет құндылықтарының рухани-адамгершілік дамуынан әлдеқайда алда келеді.

Ғылым мен техниканың жетістіктері адамзатқа қаншалықты пайдалы болғанмен, соншалықты зиян келтіріліп енуде.

Ұлы ойшыл әл-Фарабидің: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» айтқан сөздері аса өзекті болып келеді.

Адалдық – ұлттың рухани өзегі, прогрессивті қоғамдағы өмірлік нормаға айналуы керек. Шынында да, өзіне, ісіне және қоршаған ортаға деген шынайы және адал қарым-қатынас – еліміздің жетістігінің басты факторы.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2012 жылғы «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту» Жолдауында Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясын енгізуді ұсынды. Онда Елбасы тек еңбек арқылы ғана әрбір қазақстандықтың әл-ауқатын қамтамасыз ете алатынын айтады.

«Өз кезегінде еңбекке деген құрметті қана емес, басқа адамның еңбегін құрметтеуді тәрбиелеу керек. Осылайша, біз парасатты азаматты тәрбиелеудің іргетасын қалай аламыз. Сонымен қатар, жалпы жауапкершілік қағидаты – мемлекет те, жеке құрылымдар да маңызды. Осылайша, ел алдына қойылған мақсат – 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құру кезінде ғана мүмкін» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында «Нұр Отан» партиясы көп жұмыс атқарады. Елдің жетекші саяси күші ретінде «Нұр Отан» партиясы өзінің ең маңызды міндеттерінің бірі ретінде бүкіл азаматтық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте біріктіреді. Партия көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атынан «Нұр Отан» 2025 жылға дейін сыбайлас жемқорлыққа

қарсы бағдарламаны әзірледі. Ол Президент Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясына негіз болды.

Соңғы үш жылда 60-тан астам заң қабылданды, олардың әрқайсысы жемқорлықты азайтуға бағытталған. Олардың ішінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Қоғамдық кеңестер туралы», «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыру туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» және тағы басқа заңдары ерекше маңызға ие. Қазіргі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың басымдықтары. Мемлекеттің жаңа сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі ерекшелігі – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға ерекше назар аудару. Алғаш рет превентивті институттар енгізілді – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мониторингі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, талдау және жою. Сыбайлас жемқорлықтан абсолютті бас тарту ахуалын қалыптастыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы халыққа білім және тәрбие беру бойынша кешенді шаралар іске асырылуда.

Бірте-бірте қоғамдағы жемқорлықты жоюдың ең жақсы жолы ерте алдын алу, тиімді диагноз қою және кешенді емдеу деген түсінік келеді.

Елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту, алдын алу және жазалаудың тиімді ұштастырылуы бойынша құрылып, іске асырылуда.

Сонымен бірге, мемлекет қылмыстық қудалау институттарын сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін әлсіретпек емес, өйткені заңсыз әрекеттер үшін жазалаудың сөзсіздігі заңдылықтың маңызды принципі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік әділдікті қамтамасыз етудің де көрсеткіші.

Қабылданған шаралардың арқасында сыбайлас жемқорлыққа жол берілмейді.

Қабылданған жүйелік және кешенді шаралар нәтижесінде әкімшілік кедергілер мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері барынша азайтылды, қызмет көрсетудің стандарттары мен регламенттерін енгізу арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы артты, қоғам алдында есеп беретін, транспаренттік, ашық мемлекетке көшу қамтамасыз етілді, үкіметтік емес сектормен сындарлы әріптестік және ашық диалог жолға қойылды, заманауи және тиімді заңдар қабылданды, халықтың құқықтық санасы, құқықтық және жемқорлыққа қарсы мәдениеті өсті. Бұған мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына халықтың сенім деңгейінің артуы дәлел.

Білім берудегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес құралдары: Тәрбиенің тұжырымдамалық мәселелері (Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген); жалпы білім беретін мектептер мен колледждердің барлығында дерлік сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында құрылған «Адал ұрпақ» (90% аса мектеп) еріктілер клубтары; барлық жоғары және орта арнайы (кәсіптік) білім беру мекемелері қол қойған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы хартиялар; білім берудің барлық деңгейлерінің оқу бағдарламасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағытындағы тақырыпты жекелеген пәндер бойынша енгізу; барлық бакалаврлар дайындайтын мамандықтар мен бағыттар бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәнінің үлгілік оқу бағдарламалары; Мемлекеттік қызметшілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша типтік оқу бағдарламалары; мемлекеттік грант бөлу конкурсына құжаттарды қабылдау процесін мемлекеттік қызмет көрсету санатына ауыстыру; ЖОО-да құрылған студенттерге

«бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсететін және студенттердің деканатпен байланысын қоспайтын Студенттерге қызмет көрсету орталықтары; білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру, мысалы, балабақшаларда кезекке тұру мен бос орындарды анықтаудың тәуелсіз автоматтандырылған жүйесі енгізілді, қала мектептерінде оқушыларға арналған бос орындар туралы мәліметтердің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін «mektoralmaty» ақпараттық жүйесі жасалды; «Университеттен Университетке» ақпараттық-түсіндірме бағдарламасы, «Адал Бол» студенттік флэш-мобтары, «Жемқорлықтан тыс университет», «Таза сессия» және басқалар.

Сонымен бірге, білім беру саласы сыбайлас жемқорлыққа бейім сала болып қала береді. ЭЫДҰ сарапшылары, Жоғары білім саласындағы жемқорлықтың жоғары деңгейіне назар аудара отырып, осы саладағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін елеулі шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті.

Өскелең ұрпақ арасында парасаттылық қағидаттарын қалыптастыру және дамыту жөніндегі белсенді жұмысты жалғастыра отырып, сөзбен емес, нақты іспен Елбасының Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құру туралы бастамасын іске асыруға болады.

«Адалдық сағаты» республикалық акциясы аясында 6 807 мектепте, 578 колледжде және 48 ЖОО-да кездесулер өткен. Агенттіктің орталық аппаратының қызметкерлері Нұр-Сұлтан қаласындағы 86 мектепке барып, 13 мыңнан астам 9-11 сынып оқушыларын қамтыды.

Жастар арасында парасаттылық қағидаттарын дамыту жөніндегі жұмысты жандандыру мақсатында осы акцияны тоқсан сайын, әр тоқсанның бірінші күні өткізу ұсынылады.





